



**«ҚазТрансГаз» АҚ
Жалғыз акционерінің
(«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы)
шешіміне қосымша
2018 жылғы «___» _____ № __ хаттама**

**«ҚазТрансГаз» АҚ
Директорлар кеңесінің
2017 жылы атқарған жұмысы туралы
жылдық есебі**

**Астана қ.
2018 жыл**

1. «ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар кеңесі

«ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар кеңесі (ҚТГ немесе Қоғам) құрамында бес адам болып Жалғыз акционердің шешімімен («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (ҚМГ) Директорлар кеңесі отырысының 2008ж. 08 тамыздағы №9/2008 хаттамасы) құрылған болатын.

Жалғыз акционердің шешімімен (ҚМГ Директорлар кеңесі отырысының 2017ж. 26 қаңтардағы № 1/2017 хаттамасы) Директорлар кеңесінің құрамы үш жылға қайта сайланған.

2017 жылғы 31 желтоқсанға Директорлар кеңесінің құрамы:

Шәріпбаев Қайрат Қаматайұлы – Директорлар кеңесінің төрағасы – (Жалғыз акционердің өкілі)

Мұқышов Ардақ Жұмағұлұлы – Директорлар кеңесінің мүшесі (Жалғыз акционердің өкілі)

Сулейманов Рустам Эдуардұлы – Директорлар кеңесінің мүшесі – «ҚазТрансГаз» АҚ Бас директоры (Басқарма төрағасы)

Нұрғазиев Айрат Айттанұлы – тәуелсіз директор

Жаманбалин Серік Жәрдемұлы – тәуелсіз директор

- Директорлар кеңесінің мүшелері туралы мәліметтер

Т.А.Ә.	Туылған жылы	Соңғы үш жыл ішінде атқарған және қазіргі уақытта атқарып отырған лауазымдары, хронологиялық тәртіпте, оның ішінде – қоса атқару бойынша
Шәріпбаев Қайрат Қаматайұлы	1963	2014 ж. қазаннан бастап 2015 ж. желтоқсанда «ҚазТрансГаз» АҚ Бас директоры (Басқарма төрағасы); 2015 ж. желтоқсаннан бастап қазіргі уақытқа дейін ҚТГ Директорлар кеңесінің төрағасы – Жалғыз акционердің өкілі 2016ж. тамыздан бастап қазіргі уақытта - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Газ тасымалдау және маркетингі жөніндегі атқарушы вице-президенті
Сулейманов Рустам Эдуардұлы	1973	2014ж. қарашадан бастап 2015ж. ақпанда «ҚазТрансГаз» АҚ Бас директорының дамыту жөніндегі орынбасары 2015ж. ақпаннан бастап 2015ж. желтоқсан бойынша «ҚазТрансГаз» АҚ Бас директорының маркетинг және коммерция жөніндегі орынбасары 2015ж. желтоқсаннан бастап қазіргі уақытқа дейін «ҚазТрансГаз» АҚ Бас директоры (Басқарма төрағасы)
Мұқышов Ардақ Жұмағұлұлы	1978	2014ж. қаңтардан бастап 2014ж. тамыз бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының кеңесшісі. 2014ж. тамыздан бастап 2017 ж. қаңтары бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ халықаралық келісімшарттар департаментінің директоры. 2017ж. қаңтардан бастап қазіргі уақытта «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директоры. 2018ж. желтоқсаннан бастап қазіргі уақытта «Қазақстан Темір Жолы» ҰК АҚ Құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі вице-президенті.
Нұрғазиев Айрат Айттанұлы	1958	2012-2015жж. бойы Алматы қ. КДЮСШ-3, №131 мектеп-лицейдің жаттықтырушы-педагогі, 2013 ж. бастап осы уақытта «Кибер100» «Интеллектуалдық

		спорт клубы» ҚБ президенті
Жаманбалин Серік Жәрдемұлы	1983	2004ж. бастап қазіргі уақытта «Olympex Advisers» ЖШС заңгері/аға заңгері/топ директоры/салық және сот практикасы департаментінің директоры

• Тәуелсіз директорларды және ҚТГ Бас директорын (Басқарма төрағасын) қоспағанда, Директорлар кеңесінің мүшелері Жалғыз акционердің мүдделерін білдіруші ретінде Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлауға (тағайындауға) ұсынылған (ұсынымдалған) тұлғалар арасынан сайланған.

Директорлар кеңесінің мүшесі болып ҚТГ-ның акционері болып табылмайтын және Жалғыз акционердің өкілі ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға (тағайындауға) ұсынылмаған (ұсынымдалмаған) жеке тұла сайлана алады. Осындай тұлғалар саны Қоғамның Директорлар кеңесі құрмының елу пайызынан аспайды.

Бұл ретте Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына мынадай тұлға сайлана алмайды:

- заңмен белгіленген тәртіпте соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;
- мәжбүрлеп тарату немесе акцияларын мәжбүрлеп сатып алу немесе заңнамада белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылдағанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде басқа заңды тұлғаның бұрын Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшы (Басқарма төрағасы), басшы орынбасары, бас бухгалтері болған тұлғалар. Көрсетілген талап мәжбүрлеп тарату немесе акцияларын мәжбүрлеп сатып алу немесе заңнамада белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылдаған күннен кейін бес жыл бойы қолданылады.

Бас директордан (Басқарма Төрағасынан) басқа, Қоғам Басқармасының мүшелері Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланбайды (тағайындалмайды). Қоғамның Бас директоры (Басқарма төрағасы) Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланбаған (тағайындалмаған).

Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің саны бес адамды құрайды, олардың екеуі (Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы) тәуелсіз директорлар болып табылады.

• Директорлар кеңесін сайлау (тағайындау) туралы Жалғыз акционердің шешімінде Директорлар кеңесінің сайланған (тағайындалған) мүшелерінің ішінен тәуелсіз директорлар А. А. Нұрғазиев, С. Ж. Жаманбалин болып табылады деп көрсетілген.

Тәуелсіз директорлар А. А. Нұрғазиев пен С. Ж. Жаманбалиннің Жалғыз акционер мен Қоғамның мүддесінде Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыру және өз міндеттерін орындау үшін қажетті іскерлік және салалық ортада тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі, оң жетістіктері мен мінсіз беделі бар.

• Заңнамаға және Қоғамның Жарғысына сәйкес:

- Қоғамның Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Қоғамның Жалғыз акционері Қоғамның жаңа Директорлар кеңесін сайлау (тағайындау) туралы шешім қабылдаған кезде аяқталады;

- Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан 6 жылдан астам мерзімге сайланудың кез-келген мерзімі Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігін ескере отырып, ерекше қарауға жатады. Тәуелсіз директор Директорлар кеңесіне қатарынан тоғыз жылдан артық сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда тоғыз жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі, Директорлар кеңесіне тәуелсіз директорды сайлау Директорлар кеңесінің осы мүшесін сайлау қажеттілігін және осы фактордың шешімдер қабылдау тәуелсіздігіне әсерін егжей-тегжейлі түсіндіре отырып жыл сайын жүргізілуге тиіс;

- Қоғамның Жалғыз акционері Қоғамның Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы;

- Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Қоғамның Директорлар кеңесін жазбаша хабардар ету негізінде жүзеге асырылады;

- Қоғамның Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Қоғамның Директорлар кеңесі көрсетілген хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады;

- Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған және Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін Жалғыз акционер сайлаған (тағайындаған) жағдайда, оның өкілеттігі тұтас алғанда Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің аяқталуымен бір мезгілде аяқталады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімімен сайланады (тағайындалады).

2. ҚТГ Директорлар кеңесінің отырыстары

• Есепті кезеңде Қоғамның Директорлар кеңесімен 25 іштей отырыс өтті. Қаралған мәселелердің жалпы саны 136 құрайды.

• Директорлар кеңесі отырыстарына Директорлар кеңесі мүшелерінің қатысуы:

Т.А.Ә.	Лауазымы	Қатысу саны	Қатысу пайызы	Ескертулер
Шәріпбаев Қ. Қ.	Директорлар кеңесінің төрағасы	25-тен 25	100 %	ЖА 2017 ж. 26 қаңтардағы № 1/2017 шешіммен ҚТГ Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайланды
Сулейманов Р.Э.	Директорлар кеңесінің мүшесі	25-тен 25	100 %	ЖА 2017 ж. 26 қаңтардағы № 1/2017 шешіммен ҚТГ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды
Мұқышов А.Ж.	Директорлар кеңесінің мүшесі	25-ден 25	100 %	ЖА 2017 ж. 26 қаңтардағы № 1/2017 шешіммен ҚТГ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды
Нұрғазиев А.А.	Тәуелсіз директор	25-тен 25	100 %	ЖА 2017 ж. 26 қаңтардағы № 1/2017 шешіммен ҚТГ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды
Жаманбалин С.Ж.	Тәуелсіз директор	25-тен 25	100 %	ЖА 2017 ж. 26 қаңтардағы № 1/2017 шешіммен ҚТГ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды

• Қоғамның Басқару органы қараған 136 мәселенің 70-сі ҚТГ-ның қызметіне қатысты болды, олардың:

№ р/с	Директорлар кеңесі қараған мәселелердің тақырыбы	Қабылданған шешімдердің
-------	--	-------------------------

		саны
1	Жылдық қаржылық есептілікті және басқа да есептерді алдын ала бекіту	4
2	Кадрлық мәселелер	4
3	Бизнес-жоспарды және оларға түзетулерді бекіту	4
4	Құрылымды жаңа редакцияда бекіту	2
5	Басқа заңды тұлғалардың акцияларын (қатысу үлестерін) сатып алу	-
6	Бас директордың ҚНК стратегиялық карталарын және басқарушы және басқарушылық жұмыскерлердің уәждемелік корпоративтік және жеке ҚНК бекіту	7
7	ҚТГ-ның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту және оларға өзгерістер енгізу	13
8	Қаржылық мәселелер	1
9	Оларды жасасуда мүдделілік бар мәмілелерді бекіту	23
10	Өзге де мәселелер	12

ЕТҰ қызметінің мәселелері бойынша 66 мәселе қаралды, оның ішінде:

№ р/с	Директорлар кеңесі қараған мәселелердің тақырыбы	Қабылданған шешімдердің саны
1	Өндірістік мәселелер	21
2	Кадрлық мәселелер	16
3	Ішкі құжаттарды бекіту	3
4	Жарғылық капиталды ұлғайту туралы	3
5	ЖҚЕ және басқа да есептерді бекіту туралы	7
6	ЕТҰ қайта ұйымдастыру, оның ішінде оларды тарату туралы	3
7	Акцияларды жою туралы	-
8	Өзге де мәселелер	13

Барлық шешімдер толық көлемде және белгіленген мерзімде орындалды. Қоғамға, оның лауазымды тұлғаларына қатысты өтініштер мен Жалғыз акционердің жеке пікірлері (оның ішінде тікелей қатынас, брифингтер жасау көмегімен) түскен жоқ.

2017 жылы Қоғаммен Жалғыз акционердің шешімдері орындалды, олардың жалпы саны 6-ны құрайды.

Олардың:

№ р/с	Жалғыз акционер қараған мәселелердің тақырыбы	Қабылданған шешімдердің саны
1	«Акционерлік қоғамдар туралы» Заңға сәйкес акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында қаралған мәселелер (ЖҚЕ және басқа да есептер)	5
2	Қоғамның Директорлар кеңесін сайлау туралы	1
3	Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу	1
4	Ірі мәмілелер жасасуды және оларға өзгерістерді келісу	2
5	Қоғамның акцияларын орналастыру және сатып алу	1

3. ҚТГ Директорлар кеңесінің комитеттері

2017 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша ҚТГ Директорлар кеңесі комитеттерінің құрамына ҚТГ Директорлар кеңесінің мынадай мүшелері кірді (Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес 2016 жылғы 23 мамырдағы № 24 шешімі):

- ҚТГ Директорлар кеңесінің аудит жөніндегі комитеті:
 - Жаманбалин Серік Жәрдемұлы – төраға;
 - Нұрғазиев Айрат Айттанұлы – мүше;
- ҚТГ Директорлар кеңесінің тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеті:
 - Нұрғазиев Айрат Айттанұлы – төраға;
 - Шәріпбаев Қайрат Қаматайұлы – мүше;
 - Жаманбалин Серік Жәрдемұлы – мүше.
- ҚТГ Директорлар кеңесінің стратегия жөніндегі комитеті:
 - Жаманбалин Серік Жәрдемұлы – төраға;
 - Шәріпбаев Қайрат Қаматайұлы – мүше;
 - Нұрғазиев Айрат Айттанұлы – мүше.

2017 жылғы 28 ақпандағы ҚТГ Директорлар кеңесінің шешіміне (№4 хаттаманың 1-тармағы) ҚТГ Директорлар кеңесінің комитеттері сол құрамда қайта сайланды.

2017 жылы мынадай отырыстар өткізілді:

- ҚТГ Директорлар кеңесінің тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитетімен - 14 отырыс өткізіліп, онда 31 мәселе қаралды;
- ҚТГ Директорлар кеңесінің стратегия жөніндегі комитетімен – 14 отырыс өткізіліп, онда 69 мәселе қаралды;
- ҚТГ Директорлар кеңесінің аудит жөніндегі комитетімен – 11 отырыс өткізіліп, онда 23 мәселе қаралды.

Барлық қаралған мәселелер бойынша Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар берілді.

4. ҚТГ Басқармасы

2017 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ҚТГ Басқармасының құрамына Бас директорды, оның орынбасарларын және кеңесшілерін қоса алғанда, жоғары топтың басшылары кірді.

Басқарма мүшелері

Т.А.Ә.	Лауазымы	Кезең
Сулейманов Рустам Эдуардұлы	Бас директор (Басқарма төрағасы)	2015ж. 11.12-ден бастап
Құрманәлиев Қанат Рахимбергенұлы	Бас директордың бірінші орынбасары	2017ж. 13.03-тен бастап
Көшеров Даир Әділбекұлы	Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары	2014ж. 10.01-ден бастап
Темірханов Ерқанат Уақбайұлы	Бас директордың трансформация және дамыту жөніндегі орынбасары	2015ж. 06.04-тен бастап
Нұрланов Нұржан Нұрланұлы	Бас директордың техникалық саясат жөніндегі орынбасары	2016ж. 31.03-тен бастап
Абдыгулова Найля Умирзаковна	Аппарат басшысы	2015ж. 12.06-дан бастап
Абдрасұлов Нұрлан Қадырұлы	Бас директордың кеңесшісі	2015ж. 23.04-тен бастап

ҚТГ Басқармасының құрамы 2017 жылы былайша ауысқан:

«ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 27 наурыздағы (№7хаттама, 5-тармақ) шешімімен 2017 жылғы 10 наурызда «ҚазТрансГаз» АҚ

Басқармасының мүшесі «ҚазТрансГаз» АҚ Бас директорының бірінші орынбасары Ибулла Жұмағұлұлы Сердиевтің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды, Басқарманың құрамына 2017 жылғы 13 наурыздан бастап жалпы «ҚазТрансГаз» АҚ Басқармасы үшін белгіленген өкілеттіктер мерзіміне «ҚазТрансГаз» АҚ Бас директорының бірінші орынбасары Құрманалиев Қанат Рахимбергенұлы сайланды (тағайындалды).

- Басқарма мүшелері туралы мәліметтер:

Т.А.Ә.	Туылған күні	Соңғы үш жыл ішінде атқарған лауазымдары, хронологиялық тәртіпте
Басқарма төрағасы:		
Сулейманов Рустам Эдуардұлы	1973	10.11.2014ж. -24.02.2015ж. - «ҚазТрансГаз» АҚ Бас директорының дамыту жөніндегі орынбасары 24.02.2015ж. -13.12.2015ж. - «ҚазТрансГаз» АҚ Бас директорының маркетинг және коммерция жөніндегі орынбасары 13.12.2015ж. – «ҚазТрансГаз» АҚ Бас директоры
Басқарма мүшелері:		
Көшеров Даир Әділбекұлы	1977	2008ж. бастап «ҚазТрансГаз» АҚ Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары
Құрманалиев Қанат Рахимбергенұлы	1967	09.12.2014ж.-14.06.2015ж. – «Бейнеу-Шымкент Газ құбыры» ЖШС Бас директорының пайдалану жөніндегі орынбасары 15.06.2015ж.-28.02.2017ж. – «Амангелді Газ» ЖШС Бас директоры 01.03.2017ж. бастап қазіргі уақытқа дейін «ҚазТрансГаз» АҚ Бас директорының бірінші орынбасары
Темірханов Ерқанат Уақбайұлы	1958	10.11.2014ж.-23.02.2015ж. - «ҚазТрансГаз» АҚ жиынтық-үйлестіру жұмысы жөніндегі басқарушы директоры 24.02.2015ж. - «ҚазТрансГаз» АҚ Бас директорының трансформация және дамыту жөніндегі орынбасары
Нұрланов Нұржан Нұрланұлы	1988	03.12.2014 – 23.02.2015ж. – «ҚазТрансГаз» АҚ Газ маркетингі жөніндегі басқарушы директоры 24.02.2015 – 23.03.2016ж. – «ҚазТрансГаз» АҚ маркетинг және коммерция жөніндегі басқарушы директоры 24.03.2016 – 27.03.2016ж. – «ҚазТрансГаз» АҚ Бас директорының кеңесшісі 28.03.2016 ж. бастап – «ҚазТрансГаз» АҚ Бас директорының техникалық саясат жөніндегі орынбасары
Абдыгулова Найля Умирзаковна	1958	31.10.2014ж.-23.02.2015ж. - «ҚазТрансГаз» АҚ Адами ресурстарды басқару және еңбекақы төлу жөніндегі департаменттің директоры 24.02.2015ж. – «ҚазТрансГаз» АҚ Аппарат басшысы
Абдрасулов Нұрлан Қадырұлы	1963	27.03.2006ж. -23.02.2015ж. - «ҚазРосГаз» ЖШС маркетинг жөніндегі орынбасары 24.02.2015ж. – «ҚазТрансГаз» АҚ Бас директорының кеңесшісі

ҚТГ Басқармасының отырыстары мен қабылданған корпоративтік шешімдері туралы жалпы мәліметтер

2017 жылдың 12 айында Қоғамның Басқармасымен:

өткізілген отырыс - 43;

қаралған мәселелер – 220,

Олардың:

Қоғам қызметіне қатысты мәселелер – 136;

еншілес және тәуелді ұйымдар қызметіне қатысты мәселелер – 84.

Қоғам Басқармасының қарауына ұсынылатын мәселелердің жалпы саны:

Қоғамның Жалғыз акционерлері мен Директорлар кеңесінің айырықша құзыретіне жатқызылған алдын ала мақұлданған мәселелер – 135;

Басқарманың құзыретіне жатқызылған мәселелер – 85.

Оларды жасасуға қатысты негізгі шарттар белгіленген мәмілелер туралы мәліметтер:

Жасалуында мүделілік бар Қоғам Басқармасымен қаралған мәмілелердің жалпы саны (*Қоғам қызметіне қатысты мәселелердің жалпы санынан*) – 47.

олардың:

Алдын ала мақұлданған және Қоғамның Директорлар кеңесіне шығарылған мәмілелер – 21.

«Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдар арасында мәмілелер жасасу қағидаларының аясында бекітілген оларды жасасуға қатысты «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңмен ерекше талаптар белгіленген – 26.

Есепті кезеңдегі атқарушы орган ретінде Басқарманың негізгі міндеті ағымдағы қызметке басшылық жасау, ол «ҚазТрансГаз» АҚ Жарғысында, Корпоративтік басқару кодексінде және «ҚазТрансГаз» АҚ Басқармасы туралы Ережеде бекітілген қағидаларға сәйкес жүзеге асырылуда.

5. Қоғамның ұстанымын бағалау және 2017 жылдың қорытындысы бойынша оны дамыту перспективалары


энергетиканың ең жас саласы — Қазақстанның газ өнеркәсібі — жақында ғана өткен ғасырдың 70-ші жылдары дами бастады. Елімізде газ өнеркәсібін дамыту перспективасы өте жоғары.

BP¹ деректері бойынша барланған табиғи газ қоры бойынша (1 трлн. м³) Қазақстан дүниежүзінде 25 орын алады (0,5% жалпы дүниежүзілік қордан).


Қорлар жөніндегі ҚР мемлекеттік комиссиясымен алынатын газ қоры 3,9 трлн. м³ деңгейінде бекітілген, оның ішінде ерітінді - 2,6 трлн. м³, және босы - 1,3 трлн. м³.

Елдер бойынша табиғи газдың көз жеткізілген қор көлемі, трлн. м³

¹ Дерек көздері: *British Petroleum Statistical review of world energy june 2017*



Алынатын газ қорын кен орындары бойынша бөлу, %



Қазақстандағы газ ресурстарының негізгі бөлігі ірі әзірленетін немесе игеруге дайындалатын кен орындарына, оның ішінде мұнай – Теңіз, Қашаған, Королевское (Атырау облысы), газ конденсаттары – Қарашығанақ (Батыс Қазақстан облысы), Жанажол, Өріқтау (Ақтөбе облысы) және басқа да кен орындарына бағдарланған.

Өнеркәсіптік санаттағы ҚР бос газ қоры кемінде 70 аспайтын газ, газ конденсаты мен мұнай-газ кен орындарында барланған. Барлауда шамамен 30 кен орны бар, олармен өнеркәсіптік санаттағы бастапқы газ қорының 86% байланысты, бұған қарамастан осы кен орындарының айтарлықтай бөлігі газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесіне (бұдан әрі – ГБЖ) қосылмаған: 215-тің 15 ғана (шамамен 7%) ГБЖ қосылған.

Қазіргі уақытта, «Амангелді газ» ЖШС 2000 жылғы 12 желтоқсандағы Көмірсутегі шикізатын бірлесіп барлау және өндіруге арналған келісімшарт негізінде Жамбыл облысында Амангелді газ кен орындары тобын игеруді жалғастыруда.

01.01.2018 ж. жағдай бойынша алынатын табиғи газ қоры: Амангелді кен орнында 8 733,8 млн. куб. м., Жарқұм кен орнында 375,4 млн. куб. м. және Айрақты кен орнында 5 221,8 млн. куб. м.

Сонымен қатар, газ қоры мен газ өндіру көлемі бойынша ҚазТрансГаздың ҚР нарығындағы ұстанымы әлсіз және оның үлесі шамамен 1-2%-ды құрайды.

Осыған байланысты, «ҚазТрансГаз» АҚ ҚР энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, сыни маңызды міндет деп ілеспе мұнай газ өндіретін жер қойнауын пайдаланушыларды ЕСТ-ге қосуды көреді.

Қазақстан Республикасының газ секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы Қазақстан Республикасының газ секторын кезең-кезеңімен реформалаудың және кешенді дамытудың пайымы мен негізгі тәсілдерін айқындайды, дәстүрлі газ ресурстарынан басқа, көмір қабаттарындағы метанды барлау және өндіру бөлігінде Қазақстанда бар елеулі әлеуетті көздейді. Қазақстан Республикасының Энергетика министрі 2016 жылғы қыркүйекте бекіткен Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тапсырмасын іске асыру бойынша өзекті іс-шаралар жоспарын (Жол картасы) орындау үшін көмір қабаттарынан метанды барлауды және өндіруді ұйымдастыру бойынша «ҚазТрансГаз» АҚ «Қарағанды көмір бассейнінің көмір қабаттарынан метанды өндіру» инновациялық инвестициялық жобасы шеңберінде көмір қабаттарынан метанды геологиялық барлау бойынша жұмыстар жүргізеді.

Қазақстан үшін перспективалы транзиттік бағыттардың бірі жылына 30 млрд. текше метр табиғи газдың өткізу қабілеті бар және 2018 жылы МГ қуатын 55 млрд. текше метрге дейін жоспарланған ұлғайтумен «Қазақстан-Қытай» МГҚ болып табылады (С желісі бойынша компрессорлық станцияларды енгізуді ескере отырып). Бүгінгі таңда бұл еліміздің мұнай-газ саласындағы ең ірі инвестициялық жоба.

Өткізу қабілетін 10 млрд. текше метрге дейін қамтамасыз ететін «Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГҚ құрылысының жобасы Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігін арттыруға ықпал ететін болады және елдің газ өндіретін батыс өңірлерінен оңтүстікке газ жеткізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, сол арқылы өзбек және түрікмен газының жеткізіліміне тәуелділікті азайтуға мүмкіндік береді. Жобаны іске асыру Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Алматы облыстарының солтүстік аудандарының бұрын газдандырылмаған аумақтарын газдандыруды жалғастыру мүмкіндігін, сондай-ақ экспорттық бағыттарды кеңейтуді білдіретін оң мультипликативтік әсер береді.

Газ тасымалы магистральдық газ құбырлары (МГҚ), компрессорлық станциялар (КС), жерасты газ қоймалары (ЖГҚ), сондай-ақ таратушы газ құбырлары жүйесін қамтиды.

Жиынтығында ҚазТрансГаз компаниялар тобы жалпы ұзындығы шамамен 63 мың км газ құбырларын, оның ішінде шамамен 18 мың км магистральдық және шамамен 45 мың км таратушы газ құбырларын пайдаланады.

Қазіргі уақытта ҚР 14 облысының 10-ы, негізінен облыс орталықтары газдандырылды. 2017 жылы ҚР халқын газдандырумен қамту деңгейі 47,38% - ды құрады.

Болу картасы



Бекітілген Газдандырудың 2015-2030 жылдарға арналған бас схемасы жаңа газ құбырларының кең ауқымды құрылысын салумен қатар республика өңірлерін газбен жабдықтаудың баламалы және рационалды көздері арқылы Қазақстанның газға ішкі қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасауға бағытталған. Бұған қоса, өңірлерді сығымдалған табиғи газдандыруды дамыту және ынталандыру шеңберінде газмотор отыны ретінде пайдаланатын көлік құралдары үшін ынталандыру шаралары көзделетін болады.

Ішкі және сыртқы нарықтарға көмірсутектерін жеткізудің көп тармақтылығы қағидаттарына негізделе отырып, Қазақстан табиғи газдың транзиті мен экспорттық жеткізілімдері бойынша барлық экономикалық тиімді бағыттарды дамытуға ұмтылады. Бұл ретте ол үшін шектесіп жатқан елдермен келісілген энергетикалық саясатты жүргізу маңызды болып қала береді, себебі транзиттік-экспорттық маршруттар олардың аумақтары арқылы өтеді.

Ішкі тұтынудың өсуін және кері айдаудың елеулі көлемдерін есепке ала отырып, Қазақстанның экспорттық газ әлеуеті әзірше соншалықты маңызды емес. Экспорттық жеткізулердің елеулі өсімі газды кері айдау көлемдерін азайту есебінен мүмкін болады, бірақ кен орындарын игеру технологиялық схемаларында әзірше көзделмеген.

2016 жылғы Қазақстанның газ және газбен жабдықтау саласындағы «ҚазТрансГаз» АҚ-тың үлесі келесі кестеде берілген.

Атауы	Тауарлық газ өндіру	Ішкі нарыққа жеткізу	Импорт	Экспорт
Қазақстан Республикасы, млрд. м ³	28,5	13,1	4,8	13,3
«ҚазТрансГаз» АҚ, млрд. м ³	0,3	12,4	4,8	2,6
ҚазТрансГаз үлесі, %	1,1	94,6	100	19,3

«Газ және газбен жабдықтау туралы» Заңына сәйкес Ұлттық оператор – «ҚазТрансГаз» АҚ ҚР жер қойнауын пайдаланушыларынан шикі және тауарлық газ сатып алуға мемлекеттің басымдықты құқығын жүзеге асырады.

2017 жылғы 1 шілдеден бастап Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі ішкі нарықта тауарлық газды көтерме саудада өткізудің шекті бағасын бекітті.

Қазіргі уақытта қазақстандық газ экспорты үшін негізгі өткізу нарығы Ресей Федерациясының бағыты болып табылады. «Бейнеу-Шымкент» газ құбырының толық жобалық қуатқа шығуымен ҚХР-ға жаңа экспорттық бағыттау жолы ашылмақ.

«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобын стратегиялық дамыту туралы ақпарат

«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобының стратегиялық мақсаты

2016 жылғы 31 наурыздағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен 2025 жылға дейінгі кезеңде сандық және сапалық көрсеткіштерді белгілейтін 2025 жылға дейін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың жаңартылған ұзақ мерзімді стратегиясы бекітілді.

ҚТГ-ның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу және онымен байланысты міндеттерді шешу елдің газ және газбен жабдықтау саласын дамытуға қатысудан Қазақстан Республикасы үшін барынша пайда табуды қамтамасыз етеді.

ҚМГ-ның 2025 жылға дейінгі ұзақ мерзімді мақсаты мен міндеті:

Газ тасымалдау және маркетингі секторында:

- газ тасымалдау және маркетинг бизнес-бағытының рентабельділігін арттыру;
- 2030 жылға қарай газ өткізуді 18 млрд. текше м. дейін арттыру;
- әділ табыстылық деңгейіне қол жеткізу үшін залалсыздықты және газдың және бөлшек сауда бағасының тұрақты өсуін қамтамасыз ету;
- транзиттік әлеуетті дамыту;
- баламалы көздерден газ өндіру бойынша пилоттық жобаларды тиімді жүзеге асыру;
- шағын елді мекендерді газдандыру үшін СУГ қолдану.



«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобы қызметінің қаржылық және өндірістік көрсеткіштері


млн куб.м.



млн куб. м





млрд куб. м*км



млн куб. м





6. 2017 жылғы оқиғалар

- Қарағанды облысы Әділет департаментінің 16.03.2017ж. №3-4/601-01 бұйрығымен «Сарыарқа Газ Даму» ЖШС қызметі тоқтатылды;
- «ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар кеңесінің отырысы 02.03.2017ж. шешіміне сәйкес № 5 хаттамасының 2-тармағының және «ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар кеңесінің 04.03.2016ж. шешімі күшін жойды және «ҚазТрансГаз» АҚ-тың ҚХР Пекин қ. өкілдігі туралы ереже жаңа редакцияда бекітілді;
- «ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар кеңесінің отырысы 02.03.2017г. шешіміне сәйкес № 5 хаттамасының 1-тармағына сәйкес «ҚазТрансГаз» АҚ-тың РФ Санкт-Петербург қ. өкілдігі құрылды және «ҚазТрансГаз» АҚ-тың РФ Санкт-Петербург қ. өкілдігі туралы ереже бекітілді;
- ҚР Үкіметінің 31.08.2017ж. №530 қаулысымен «Интергаз Орталық Азия» АҚ жай акцияларын орналастыру жолымен «Октябрьск – Алга» МГҚ стратегиялық объектісі иеліктен шығарылды;
- ҚР Үкіметінің 26.12.2014 г. №1383 қаулысын орындау үшін «ҚазТрансГаз» АҚ «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-қа газ құбырлары мен ондағы құрылыстарды, сондай-ақ ҚР Ақтөбе, Алматы, Атырау, Батыс Қазақстан, Қостанай облыстарының аумағындағы оларды пайдалану және қызмет көрсету үшін қажетті өзге де мүлікті берген болатын;
- ҚТГ «Кемелділікке ұмтылу» берілген EFQM сертификаты расталды.
- «ҚазТрансГаз» АҚ 10 жылдық айналым мерзімімен еврооблигациялар табысты орналастырылды, ТМД мен листингом на Ирландия қор биржасында ("ISE") листингімен және Қазақстандық Қор Биржасы ("KASE") бойынша жалпы номиналды көлемі \$750 млн. тарихи ең аз кірістілігімен 4,4% среди корпоративтік эмитенттер арасында. Салыстыру ретінде, ағымдағы жылғы наурызда «Газпром» ЖАҚ АҚШ долларымен деноминирленген, жалпы номиналды көлемі \$750 млн. кірістілік мөлшерлемесі 4,95% 10 жылдық еурооблигацияларды орналастырды, ол 55 bps (базистық тармақтарға) «ҚазТрансГаз» АҚ орналастыру жөніндегі мөлшерлемеден асып кетеді.
- «Интергаз Орталық Азия» АҚ 100% «ҚазТрансГаз» АҚ-тың еншілес ұйымы, 2007 жылы \$600 млн. шығарылған сомадан қалған \$128 млн. сомаға еурооблигациялар табысты өтелді.
- «Интергаз Орталық Азия» АҚ жалпы сомасы \$220 млн Еуропалық Қайта құру және Дамыту Банкі алдында ұзақ мерзімді валюталық міндеттемелер қазақстандық тенгеде конверсияланды, ол «Интергаз Орталық Азия» АҚ валюталық тәуекелдерін төмендетуді қамтамасыз етті.
- «ҚазТрансГаз» АҚ мен Trans Asia Gas Pipeline Ltd (CNPC еншілес ұйымы), бірлескен ұйымы «Бейнеу Шыкент Газ құбыры» ЖШС-мен, Қытай Даму Банкі мен Қытайдың Лимитэд Банкі алдындағы \$400 млн мөлшеріндегі міндеттемелер ішінара мерзімінен бұрын өтелді.

- «ҚазТрансГаз» АҚ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ бас компаниясы алдындағы өзінің \$350 млн. сомасындағы міндеттемелер ішінара мерзімінен бұрын өтеді.
- 2017 жылы «КазТрансГаз Аймақ» АҚ Еуропалық Қайта құру және Дамыту Банкінен алынған кредиттік желі аясында Қоғаммен Маңғыстау, Ақтөбе және Қостанай облыстарындағы инвестициялық бағдарламаларды іске асыруға бағытталған жалпы сомасы 14,3 млрд. теңге болатын қаражат игерілген. Жаңғырту мен газдандыру нәтижесінде өңірлерді табиғи газбен іркіліссіз және авариясыз қамтамасыз етілетін болады, газдандырылған өңірлердің тұрғындарының өмір сүру сапасы арттырылды, тарату газ құбырларының өткізу қабілетін ұлғайтылды, өндірістік шығындар азайтылды.
- Мемлекет басшысымен көмір қабатынан метан барлау және өндіру жөніндегі қызметті тиімді мемлекеттік реттеуді қоса алғанда, жер қойнауын пайдалануды реттеу жүйесін жетілдіруге бағытталған «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне қол қойылды.

Магистральдық газ құбырлары бойынша:

- «Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГҚ «Бозой» және «Караозек» компрессорлық станцияларын салу аяқталды, газ құбырының қуаты 10 млрд.м3/жылға дейін жеткізілетін болады;
- «Қазақстан-Қытай» МГҚ №1 (2017 жылғы 30 қарашадағы пайдалануға қабылдау актісі) және №3 (2017 жылғы 22 желтоқсандағы пайдалануға қабылдау актісі) «С» желісінің компрессорлық станциялары пайдалануға енгізілді, өткізу қабілеті жылына 20 млрд.м3 газға дейін жеткізілген;
- «БГА-ТБА» МГҚ-дан «Қазақстан-Қытай» МГҚ-ға жылына 2 млрд м3 газ беру мүмкіндігімен «Ақыр-Төбе» сығымдау компрессорлық станциялары пайдалануға енгізілді.
- 2017 жылғы 2 қарашада Қожасай кен орнынан «Бұхара-Орал» МГҚ КС-12 дейін магистральдық газ құбыры пайдалануға енгізілді.

Газ тарату құбырлары бойынша инвестициялық жобалар шеңберінде газдандыру бойынша жұмыстар жүргізілді:

- Газ тарату желілерін жаңғырту
- «Тараз қ. газ тарату желілерін жаңғырту, қайта құру және жаңаларын салу», жобасын іске асыру аяқталды, 82,3 км полиэтилен газ құбыры салынды, 2 596 шкафтық пункттер орнатылды, 3 518 абонент қайта қосылды.
- «Маңғыстау облысы елді мекендерінде 737,4 км газ құбыры төселген, оның ішінде жоғары қысымды – 383,6 км, орташа қысымды – 47,6 км, төменгі қысымды – 306,1 км. ГРПШ - 23 бірл., ПГБ - 28 бірл. және АГРС – 6 бірл. орнатылған.
- «Алматы қ. газдандыру, жаңғырту, Алматы қ. газ тарату желілерін реконструкциялау» жобасы 2018 жылдан бастап іске асырылуда.
- «Ақтөбе облысының елді мекендерін газдандыру және газ тарату желілерін жаңғырту» жобасы бойынша 33 км полиэтилен газ құбыры төселді. Автоматты газ тарату станциясы – 2 бірл., ПГБ – 2 дана орнатылды.
- «Қостанай облысының елді мекендерін газдандыру» жобасы бойынша 35,6 км газ құбыры салынды, оның ішінде – 13,75 км болат және 21,85 км полиэтилен газ құбыры. ГРПБ – 7 дана және ГРПШ – 2 дана орнатылды.

7. «ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар кеңесінің шығыстары

«ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар кеңесінің шығыстары 2017 жылы 20 458 мың теңгені құрады, оның ішінде:

Сыйақылар бойынша шығыстар (тәуелсіз директорлардың қызметтері үшін)	20 367 мың теңге
Іссапар шығыстары	91 мың теңге
Жиыны	20 458 мың теңге

ЛИСТ СОГЛАСОВАНИЯ
к годовому отчету Совета директоров
Акционерного общества «КазТрансГаз» о проделанной работе за 2017 год

Должность	Подпись (виза)	Ф.И.О.
Генеральный директор (председатель Правления)		Сулейманов Р.Э.
Заместитель Генерального директора по трансформации и развитию		Темирханов Е.У.
Директор ДКР, СКР и ИСМ		Бекмухамбетова А.А.
Директор Юридического департамента		Борисов В.М.
Корпоративный секретарь		Сулейменов К.Н.